



"Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағына қатысушыларға растау анықтамасын беру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2007 жылғы 21 ақпандағы N 64 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 2 наурыздағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4566 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2009 жылғы 5 ақпандағы N 31 Бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Индустрия және сауда министрінің 2009.02.05 N 31 Бұйрығымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 140-1-бабының 2-тармағына с ә й к е с **Б Ұ Ы Р А М Ы Н** :

1. Қоса беріліп отырған "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағына қатысушыларға растау анықтамасын беру ережесі **б е к і т і л с і н .**

2. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

К е л і с і л д і :

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Қ а р ж ы м и н и с т р л і г і*

Салық комитетінің төрағасы

2007 жылғы 21 ақпан

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Индустрия және сауда министрінің
2007 ж ы л ғ ы 21 а қ п а н д а ғ ы
N 64 бұйрығымен бекітілген

"Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағына қатысушыларға растау анықтамасын беру

ЕРЕЖЕСІ 1. Жалпы ережелер

1. Осы "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағына қатысушыларға растау анықтамасын беру ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексіне (Салық кодексі) және "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағын құру мақсаттарына сәйкес келетін қызмет түрлері бойынша өздері өндіретін тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 17 мамырдағы N 415 қаулысына сәйкес әзірленді және "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағына (бұдан әрі - АТП АЭА) қатысушыларының алынған (алынуға жататын) табыстарын Салық кодексінің 140-1-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген қызметтер түрлерінен алынған (алынуға жататын) табыстарға жатқызу туралы растау анықтамасын (бұдан әрі - растау анықтамасы) беру тәртібін айқындайды.

2. Осы Ережеде қолданылатын ұғымдар мен терминдер:

1) Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағының дирекциясы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Дирекция) - АТП АЭА басқару бойынша орталық атқарушы органның шешімдерін іске асыру функциясын жүзеге асырушы орган;

2) АТП АЭА қатысушысы - АТП АЭА аумағында тіркелген және қызметін жүзеге асырушы заңды тұлға;

3) растау анықтамасы - АТП АЭА қатысушының алынған (алынуға жататын) табыстарын АТП АЭА құру мақсаттарына сәйкес келетін қызмет түрлерінен табыстарға жататынын растайтын ресми құжат (осы Ережеге 1-қосымша).

2. Өтініштерді қарау және растау анықтамасын беру тәртібі

3. АТП АЭА қатысушысы растау анықтамасын алуға арналған өтінішті (бұдан әрі - өтініш) осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес белгіленген нысанда Дирекцияға береді. Өтініш түскен күні Өтініштерді тіркеу журналында тіркеледі.

4. Растау анықтамасын алуға арналған өтінішке мынадай құжаттар қоса берілуі тиіс:

1) техникалық-экономикалық негіздемесі және қызмет түрлеріне бөлу арқылы өздері өндіретін тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) нақты өткізілген көлемі туралы анықтама;

2) өткен қаржы жылы үшін қызмет нәтижелері бойынша бухгалтерлік теңгерім және табыстар мен шығыстар туралы есеп;

3) Қазақстан Республикасының заңнама актілерінде міндетті түрде аудит

жүргізу белгіленген заңды тұлғалар өткен қаржы жылы үшін нотариалды түрде куәландырылған аудиторлық есептің көшірмесін тапсырады.

Өтініш пен Ереженің осы тармағының 1), 2) тармақшаларында көрсетілген қоса берілетін құжаттарға ұйымның бірінші басшысы (ол жоқ жағдайда міндетін атқарушы тұлға) мен бас бухгалтерінің қолдары қойылуы және мөрмен куәландырылуы тиіс.

5. Осы Ереженің 4-тармағында көрсетілген құжаттарсыз өтініштер қарауға қабылданбайды.

6. АТП АЭА қатысушысының өтінішін қараусыз қайтару туралы шешім қабылданған жағдайда Дирекция АТП АЭА қатысушысына 3 күндік мерзімде бірінші басшының (ол жоқ жағдайда міндетін атқарушы тұлғаның) қолымен дәлелді жауапты жібереді.

АТП АЭА қатысушының өтініші мына жағдайларда:

- 1) өтініш мазмұнына және ресімдеуге талаптар бұзылғанда;
- 2) АТП АЭА қатысушысына қатысты АТП АЭА аумағында қызметтің осы түрімен айналысуға тиым салатын уәкілетті орган немесе сот шешімі болғанда;
- 3) жалған және (немесе) толық емес мәліметтер ұсынғанда қайтарылады.

7. АТП АЭА қызмет түрлеріне сәйкестікке мониторинг жүргізу үшін қосымша мәліметтерді алу қажеттілігі жағдайында Дирекция технологиялық және бастапқы құжаттарды талап ете алады, сондай-ақ өндіріспен танысу үшін қызметін жүзеге асыру орнына өз өкілдерін жібереді.

8. Растау анықтамасын Дирекция өтініш түскен күннен бастап 30 күнтізбелік күннен кешіктірмей береді.

9. Растау анықтамасы АТП АЭА қатысушысының толық атауы, тіркеу номері, салық төлеушінің тіркеу нөмері, бизнес сәйкестендіру нөмірі (егер бар жағдайда), расталған табыс сомасы және беру күні көрсетіліп, Растау анықтамаларын тіркеу журналына тіркеледі.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2007.11.05. N 329 Бұйрығымен.

10. Растау анықтамасы баспа түрінде үш данада ресімделеді, оның екеуі АТП АЭА қатысушысына беріледі, үшіншісі Дирекцияда қалдырылады.

11. АТП АЭА қатысушысы қайта тіркелу жағдайында бұрын берілген растау анықтамасы күшін сақтайды.

АТП АЭА қатысушысын тарату немесе қайта ұйымдастыру кезінде АТП АЭА аумағындағы нақты қызмет ету мерзімі бойынша растау анықтамасы беріледі.

"Ақпараттық технологиялар паркі"
арнайы экономикалық аймағына

қатысушыларға растау анықтамасын
беру ережесіне 1-қосымша

Нысан

Алынған (алынуға жататын) табыстарды
"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті
төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің
(Салық кодексі) 140-1-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында
көрсетілген қызмет түрлерінен табыстарға жатқызу туралы
растау анықтамасы

Ескерту. 1-қосымшаға өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Индустрия
және сауда министрінің 2007.11.05. N 329 Бұйрығымен.

N_____ 200_ жылғы "____" _____

1. "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағына
қатысушының атауы _____

2. Салық төлеушінің тіркеу нөмірі (СТН) _____

2-1. Бизнес сәйкестендіру нөмірі (егер бар жағдайда) _____

3. Мекен жайы мен телефоны _____

4. "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағының
қатысушысы ретінде тұрақты (уақытша) тіркеу туралы 200_ жылғы "____"
N_____ куәлігі.

"Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағының
дирекциясы" мемлекеттік мекемесі, жоғарыда аталған ұйымның 200_
жылғы "____" _____ мен 200_ жылғы "____" _____ аралығындағы
кезең үшін арнайы экономикалық аймақтар құру мақсаттарына сәйкес
келетін өз өндірісі тауарларын (жұмыстарын, қызметтерін) өткізуден
алуға жататын (алынған) табыстары жылдық жиынтық табысының (сома
теңгемен және пайызбен, жазбаша) _____
құрайтынын растайды.

Қызмет түрлері	Өз өндірісі тауарларын (жұмыстарын, қызметтерін) өткізуден алынған (алынуға жататын) табыстар, (теңге сомасымен)	Жиынтық жылдық табыстағы үлесі, (%-бен)
1. Бағдарламалық қамтамасыз етуді, деректер базасын және		

аппараттық құралдарды жобалау, әзірлеу, енгізу және олардың тәжірибелік өндірісі мен өндірісі		
2. Жасанды иммундық және нейрондық жүйелер негізінде жаңа ақпараттық технологияларды жасау		
3. Ақпараттық технологиялар саласында жобаларды жасау және енгізу бойынша ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-құрастырмалық жұмыстарды жүргізу		
4. Мәтіндерді өңдеуге арналған машиналар, көшіру-көбейту жабдықтарын, жөнелту машиналарын, калькуляторлар, кассалық аппараттар, таңбалау машиналарын, билет-кассалық машиналар өндіру, басқада кеңсе машиналары мен жабдықтарын, электронды есептеу машиналарын және ақпаратты өңдеуге арналған өзге де жабдықтар өндіру		
5. Электр- және радиоэлементтер, таратушы аппаратура, дыбыспен бейнені қабылдауға, жазуға және шығаруға арналған аппаратура өндіру		
6. Тұрмыстық электр аспаптарын өндіру		
Қызмет түрлері бойынша жиынтығы		

Жылдық жиынтық табыс (теңге сомасымен) _____

Жарамдылық мерзімі _____

"Ақпараттық технологиялар паркі"
арнайы экономикалық аймағының
дирекциясы" мемлекеттік
мекемесінің директоры
М.О.

"Ақпараттық технологиялар паркі"
арнайы экономикалық аймағына
қатысушыларға растау анықтамасын
беру ережесіне 2-қосымша
Нысан

"Ақпараттық технологиялар паркі"
арнайы экономикалық аймағының
дирекциясы" мемлекеттік мекемесінің
д и р е к т о р ы

(Т.А.Ә.)

Алынған (алынуға жататын) табыстарды "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің Салық кодексі) 140-1-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген қызмет түрлерінен табыстарға жатқызу туралы

Растау анықтамасын алуға

ӨТІНІШ

Ескерту. 2-қосымшаға өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2007.11.05. N 329 Бұйрығымен.

1. "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағына қатысушының атауы _____

2. Салық төлеушінің тіркеу нөмірі (СТН) _____

2-1. Бизнес сәйкестендіру нөмірі (егер бар жағдайда) _____

3. Мекен жайы мен телефоны _____

4. "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағының қатысушысы ретінде тұрақты (уақытша) тіркеу туралы 200_ жылғы "___" _____ N _____ куәлігі.

200_ жылғы "___" _____ мен 200_ жылғы "___" _____ аралығында кезеңде алынған (алынуға жататын) табыстарды "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 140-1-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген қызмет түрлерінен табыстарға жатқызу туралы растау анықтамасын беруді сұраймыз.

Қ ы з м е т

т ү р л е р і :

Қосымшалар: Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2007 жылғы "___" _____" N _____ бұйрығымен бекітілген "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағына қатысушыларға растау анықтамасын беру ережесінің 4-тармағында көрсетілген растау анықтамасын алу үшін қажетті құжаттар.

200_ жылғы " ____ " _____

Ұ й ы м

б а с ш ы с ы

Бас бухгалтер

М.О.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК